

Б.Ж. УТЕЕВ,¹

PhD.

Б.С. УТЕГУЛОВА,²

PhD.

Халықаралық Бизнес Университеті.¹

«Тұран» университеті²

ҚОР НАРЫҒЫН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аңдатпа


Зерттеу мақсаты – қор нарығындағы барлық қатынасушылардың қызметтерін және олармен осы әрекетке байланысты қоғаммен өкілеттік берілген ұйымдар тарапынан жүйеленген операцияларды тәртіпке келтіру. Қор нарығының даму деңгейінде бағалы қағаздар нарығын реттеу үшін мемлекеттің ресурстары жеткіліксіздігі айқындалады. Заманауи нарықтық экономикада қор нарығы үй шаруашылықтарының жинақтары мен қорланымдарын тартуға және инвестицияларға трансформациялауға бағытталған. Әр алуан халық топтарына есептелген табыстылығы әртүрлі қор нарығының құралдары болашақ инвесторлардың қаржы салуды таңдау мүмкіндіктерін кеңейтеді. Сырттан қарызданудың баламасы – қаржы ресурстарын іштен қарызға алу. Қаржы ресурстарын іштен қарызға алу көздерінің бірі халықтың жинақ ақшалары болып табылады. Экономикалық өсудің факторы болу үшін жинақ ақшалар инвестицияларға өзгертілуі тиіс. Жинақ ақшалардың инвестицияларға өзгертілуі қор нарығының құралдарымен жүзеге асырылады. Халықтың жинақтаулары мен қорланымдарын қор нарығына тарту тек инвестициялық емес, сондай-ақ, әлеуметтік бағытталғандықты да көрсетеді. Үй шаруашылық мүшелері өз жинақтары мен қорланымдарын қор нарығының құралдарына сала отырып, қосымша табыс көзіне, меншік құқығына (акцияларға иелік еткен кезде), яғни меншік иесі (акционер) мәртебесіне ие болады. Осылайша, қоғамдық даму тұрғысынан қор нарығы қоғамның әлеуметтік базасын кеңейтеді, орта тапты қалыптастырады.

Тірек сөздер: биржа, қор нарығы, бағалы қағаз, акция, капиталдандыру, өтімділік, инвестициялар.

Шаруашылық жүргізудің нарықтық жүйесін жетілдірудің маңызды шарттарына қор нарығы жатқызылады, ол шаруашылық жүргізуші субъектілердің өзін-өзі қаржыландырумен және экономика құрылымдарын несиелендірумен бірге экономикалық өсудің қаржы ресурстарының қайнар көзі болып табылады. Қор нарығы эмитенттің қаржылық-экономикалық жағдайын бағалауға мүмкіндік беретін экономикалық дамудың, экономикалық өсу қарқындары мен деңгейінің индикаторы болып табылады. Қазақстан экономикасы ғаламдану үрдістеріне, сондай-ақ қор нарығының эмитенттері әлемдік нарықтарға қатысады. Әлемдік экономиканың рецессиясы Қазақстанның қор нарығына әсерін тигізеді. Әлемдік дағдарыстың Қазақстан экономикасына әсер ету нысандарының бірі – сырттан қор жинау көздерінің азаюы, әлемдік қаржы нарықтарында ақшаны қарызға алудың қатаңдауы мен бағасының жоғарылауы болып табылады. Сырттан қарызданудың баламасы – қаржы ресурстарын іштен қарызға алу. Қаржы ресурстарын іштен қарызға алу көздерінің бірі халықтың жинақ ақшалары болып табылады. Экономикалық өсудің факторы болу үшін жинақ ақшалар инвестицияларға өзгертілуі тиіс. Жинақ ақшалардың инвестицияларға өзгертілуі қор нарығының құралдарымен жүзеге асырылады.

Егер инвестициялардың өтімділігі, еркін жылжуы қамтамасыз етілетін болса, қор нарығы нарықтық экономикада бөлу және қайта бөлу механизмдері рөлін атқарады. Қор нарығы эмитенттер және инвесторлармен қаныққандығы кезінде, яғни олардың жеткілікті көп саны болғанда, ол өтімді болуы мүмкін. Қор нарығында өтімділік эмитенттердің, инвесторлардың, делдалдардың, сауда алаңының (биржаның) ашықтығы мен ақпаратты толық ашуы кезінде қол жеткізілуі мүмкін.

Қор нарығының сәттілікті қызмет етуінің аса маңызды шарты – оның барлық қатысушыларын қамтитын оны тиімді реттеу жүйесі болып табылады. Қор нарығын реттеу белгіленген ойын тәртіптерін ұстанатын қатысушылардың өзара мүдделерінің тепе-теңдігін қамтамасыз ету механизмі болып табылады. Реттеу функциясы мемлекет және қор нарығының кәсіби қатысушыларын біріктіретін өзін-өзі реттейтін ұйымдар (ӨРҰ) арасында бөлінеді (сурет 1, б. 96). Реттеуші функцияларын бөлу деңгейі мемлекеттің өзгешелігіне, оның басқаруды орталықтандыру деңгейіне және қор нарығында қабылданған үлгісіне тәуелді болып келеді.



Сурет 1 – Қор нарығын реттеу сұлбасы

Ескертпе – Авторлар құрастырды.

Әлемдік тәжірибеде қор нарығын реттеудің үш негізгі үлгілері бар [1]:

- ◆ тікелей үкіметтік бақылау арқылы (Ирландия, Нидерланды, Португалия);
- ◆ қаржы-банк органдарының көмегімен бақылау арқылы (ФГР, Бельгия, Дания);
- ◆ арнайы құрылған мекемелер арқылы (АҚШ, Франция, Италия, Испания).

Айырмашылықтарға қарамастан, қор нарығын реттеу жүйесінің ұйымдастырушылық құрылымы басым көпшілік елдерде реттеу органдарының екі деңгейлі жүйесі тұжырымдамасына негізделеді [2]. Бірінші деңгейді мемлекеттік реттеу органдары құрайды, екінші деңгейді қор нарығындағы нарықтың кәсіби қатысушыларының өздері құраған өзін-өзі реттейтін ұйымдары құрайды. Мемлекеттік органдар мен өзін-өзі реттейтін ұйымдар арасында функциялар мен өкілеттіліктерді бөлу әрбір мемлекеттің мәдени және тарихи дәстүрлерімен, сондай-ақ, қор нарығының даму деңгейімен шартталған.

Қор нарығын реттеу жүйесінде негізгі орынды өзін-өзі реттейтін ұйымдар алатын мемлекеттің мысалы ретінде Ұлыбритания болып табылады. Қор нарығының қызмет ету механизмін реттейтін негізгі заңнамалық акті ретінде Қаржы қызметтері туралы заңы (1986 ж.) болып табылады, оған сәйкес мемлекеттік реттеу органы болып Қазынашылық (Қаржы министрлігі) белгіленген. Қазынашылыққа реттеу бойынша шамалы функциялар қалдырылған, олардың қатарында нарықтың жағдайына жалпы бақылау жасау және Ұлыбритания қор нарығының шетелдік инвестиция институттарына кіру негізгі болып табылады.

Қор нарығын реттеу бойынша негізгі функцияны Бағалы қағаздар және инвестициялар жөніндегі кеңес (Securities and Investments Board – SIB) іске асырады [3], ол коммерциялық емес жеке компания болып табылады және ол қор нарығында жұмыс істейтін компания өкілдерінен тұрады. SIB мыналарды жүзеге асырады:

- ◆ өзін-өзі реттейтін ұйымдардың, қор нарығының кәсіби қатысушылар мен кәсіби ұйымдар бірлестіктерінің қызметтерін лицензиялау. Осы бірлестіктерге SIB бас лицензия береді, соның негізінде өзін-өзі реттейтін ұйымдар олардың бірлестігіне (ассоциациясына) кіретін компания қызметтерін лицензиялауды жүзеге асырады;

- ♦ ірі құрылыс компаниялар мен банктердің инвестициялық қызметтерін лицензиялау;
- ♦ қор нарығын нормативтік-әдістемелік қамсыздандыру, қор нарығы қатысушыларының қызметін мониторингілеу және бақылау.

SIB қызметі қор нарығына қатысушылардың қаражаттары есебінен қаржыландырылады. Қор нарығына тікелей қатысушылардың қызметтерін реттеумен өзін-өзі реттейтін ұйымдар айналысады, олар компанияларды кәсіби белгілері бойынша біріктіреді. Компания қор нарығында кәсіби қатысушы ретінде жұмыс істеуі үшін ол бір немесе бірнеше өзін-өзі реттейтін ұйымдардың мүшесі болуы тиіс.

Қазақстан қор нарығы америкалық ұйымдастыру және реттеу үлгісіне ең жақын, бірақ, оның негізгі айырмашылығы – АҚШ-та акциялардың қомақтай үлесі екінші қайтара нарықта еркін айналысқа түсетін тәрізді, Қазақстанда екінші қайтара қор нарығында белсенділік жоқ.

Жалпы алғанда, қор нарығын мемлекеттік реттеу мына бағыттар бойынша жүзеге асырылады [4]:

- ♦ эмитенттер қызметтеріне міндетті талаптар мен стандарттар орнату;
- ♦ бағалы қағаздарды және эмиссия проспектілерін шығару және эмитенттердің оларда қарастырылған талаптар мен міндеттемелердің орындауына бақылау жасау туралы шешімдерін тіркеу;
- ♦ қор нарығының кәсіби қатысушыларының қызметтерін лицензиялау;
- ♦ инвесторлар құқықтарын қамтамасыз ету және эмитенттермен мен қор нарығының кәсіби қатысушыларының олардың құқықтарын орындауына бақылау жасау жүйесін жасау;
- ♦ қор нарығын антимонополды реттеу нысанын анықтау;
- ♦ қаржы тұрақтылығы мен қор нарығының қауіпсіздігіне бақылау жасау;
- ♦ кәсіпкерлік қызметті қор нарығында сәйкес лицензиясыз жүзеге асыратын тұлғалардың қызметтеріне тыйым салу және жол бермеу.

Қазақстанда қор нарығын реттеудің нормативтік-құқықтық базасы ретінде ҚР «Бағалы қағаздар нарығы туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы», «Лицензиялау туралы» Заңдары, ҚР Азаматтық кодексі, ҚР Салық кодексі болып табылады.

Қор нарығының қызметін реттейтін негізгі заңнамалық акті ҚР «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заңы болып табылады, ол эмиссиялық бағалы қағаздарды және өзге де қаржы құралдарын шығару, орналастыру, айналысқа шығару және өтеу үрдісінде туындайтын қоғамдық қатынастарды, бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің құрылу және жұмыс істеу ерекшеліктерін реттейді, бағалы қағаздар нарығының қауіпсіздігін, ашық түрде және тиімді жұмыс істеуін, инвесторлар мен бағалы қағаздарды ұстаушылардың құқықтарын және бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының адал бәсекелестігін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында бағалы қағаздар нарығы мен оның субъектілерін реттеу және қадағалау тәртібін белгілейді» [5].

Қор нарығын мемлекеттік реттеуді Қазақстан Республикасы Ұлттық банктің қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті жүзеге асырады, ол мына функцияларды атқарады:

- ♦ бағалы қағаздар нарығын қалыптастыру және дамыту саласындағы басымдылықтарды айқындау;
- ♦ бағалы қағаздар нарығы мен оның инфрақұрылымының қызмет етуін, инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;
- ♦ мемлекеттік емес бағалы қағаздарды, туынды бағалы қағаздарды, бейрезиденттер мен халықаралық ұйымдардың эмиссиялық бағалы қағаздарын шығару және тіркеу, айналысқа шығару және өтеу шарттары мен тәртібін бекіту;
- ♦ эмиссиялық бағалы қағаздардың Мемлекеттік тізілімін, лицензиардың электронды тізілімін және бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға рұқсат тізілімін жүргізу;
- ♦ бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыру ережелерін, мәмілелерді жасау шарттары мен ережелеріне талаптарды, осы мәмілелерді есепке алу және олар бойынша есептілікті белгілеу;
- ♦ бағалы қағаздар нарығында қызмет ету түрлері бойынша лицензияны беру талабы мен тәртібін анықтау;
- ♦ лицензиаттардың қаржы тұрақтылығының пруденциалдық нормативтері мен өзге де көрсеткіштерін немесе критерийлерін (нормативтерін), оларды есептеу тәртібі мен есеп айырысу әдісін белгілейді;

♦ бағалы қағаздар нарығында жұмыс істеу үшін лицензиялар беруді жүзеге асырады, лицензиялардың қолданылуын тоқтатады және қайта жаңғыртады, сондай-ақ оларды қайтарып алады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық банктің қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетінің ықпал ету шаралары ретінде айқындалған кемшіліктерді жою туралы жазбаша ұйғарымын беру болып табылады, ол бекітілген мерзімде орындалуы міндетті болып табылады. Қазақстан Республикасы Ұлттық банктің қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетінің ұйғарымын орындамаған жағдайда, төмендегіні көздейтін санкциялар қолданылады:

- 1) Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте айыппұл салу және өндіріп алу;
- 2) лицензияның әреке етуін тоқтату;
- 3) лицензиядан айыру;
- 4) уәкілетті органның бағалы қағаз нарығы субъектілерінің басқарушы қызметкерлерін тағайындауға келісімін қайтарып алу.

ҚР Ұлттық банкі қор нарығында бір уақытта, бағалы қағаздармен жасалатын операцияларды белсенді жүргізетін оның кәсіби қатысушысы және қор нарығының мемлекеттік органы ретінде шығып, екі жақты рөл атқарады. Мемлекеттік қарыздарды жайғастыру бойынша мемлекеттің агенттігі бола тұра, ҚР Қаржы министрлігімен келістіру бойынша мемлекеттік қарыздың айналуын реттеуге қатысуға, сондай-ақ, ҚР үкіметі шығарған бағалы қағаздарды сатып алуға және сатуға құқылы. Мемлекеттік бағалы қағаздардың бөлек түрлерімен жасалатын операциялар бойынша депозитарий, клиринг және есеп-айырысу орталығы функцияларын атқарады, акционерлік банктердің бағалы қағаздар эмиссиялары проспектілерін олардың тіркелуіне дейін міндетті сарапталуын жүргізеді.

Қазақстандағы қор нарығы жай-күйінің негізгі индикаторы Қазақстан қор биржасы ұсынатын ұйымдастыру нарығы болып табылады. Қазақстан қор биржасы айналысқа жіберілген бағалы қағаздардың негізгі үлес салмағы борыштық бағалы қағаздарға тиесілі, 48,4%-ды немесе 273 шығарылымды құрайды, мемлекеттік бағалы қағаздар секторы бойынша 31,4% немесе 177 шығарылым, акциялар секторы бойынша 18,8% немесе 106 шығарылым, халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздар секторы бойынша 0,9% немесе 5 шығарылым.

Қазақстан қор биржасы ресми тізіміне енгізілген мемлекеттік емес бағалы қағаздар бойынша нарықты жалпы капиталдандыру 2015 жыл үшін 92,0%-ға ұлғайды және 21,5 трлн теңгені құрады (сурет 2). Осы ұлғаю жаңа акциялар листингін жүзеге асыруға және бағалы қағаздар нарығында корпоративтік облигациялардың жаңа шығарылымын айналысқа жіберуге байланысты [6].



Сурет 2 – Қазақстан қор биржасының капиталдандырылуы

Ескертпе – <http://www.nationalbank.kz>.

2015 жыл ішінде ұйымдастырылған нарықта мемлекеттік емес бағалы қағаздармен мәмілелер көлемі, 2,5 есе ұлғайды және 2,2 трлн теңге болды, оның ішінде бағалы қағаздардың қайталама нарығында – 1,1 трлн теңге болды. Бұл ретте, мәмілелерді бастапқы орналастыру көлемі қомақты түрде, 2,5 еседен аса өсті.

2015 жылы ұйымдастырылған нарықта мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша биржалық мәмілелер көлемі, 95,8%-ға артты және 23,6 трлн теңгені құрады. Сонымен бірге бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында мемлекеттік емес бағалы қағаздармен мәмілелер көлемі 2014 жылмен салыстырғанда 11,7%-ға азайды және 1,1 трлн теңгені құрады. Бұл ретте 2015 жыл бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында мемлекеттік бағалы қағаздармен мәмілелер жасалмады.

Бағалы қағаздар нарығы кәсіби қатысушыларының Қазақстандық ассоциациясы алдына қойған мақсаттары – қазақстандық қор нарығы тәжірибесіне өзара мойындау және сенімге негізделген кәсіби мінез-құлықтың жоғары этикалық стандарттарын, сондай-ақ, заңнама нормаларын, биржалық сауда-саттық және есеп-айырысу тәртібін, іскерлік айналымның адал ниетті ғұрпын саналы сақтауды енгізу болып табылады.

Инвесторлардың, ең бастапқыда, шағын инвесторлардың мүдделерін қорғау мақсатында Бағалы қағаздар нарығы кәсіби қатысушыларының Қазақстандық ассоциациясы өтемақы қорларын қалыптастыра алушы еді, олардың есебінен инвестициялық институттың банкротқа ұшырауы жағдайында инвесторлардың шығындары өтеледі.

2015 жылы бағалы қағаздар нарығын реттеуді жетілдіру шеңберінде мынадай жұмыс жасалды:

- ♦ орталық контрагент институты енгізілді және бағалы қағаздар нарығында «T+n» сызбасы бойынша есептеу жүйесі іске асырылды;
- ♦ ұйымдастырылған нарықта жасалған мәмілелерді тексеру бойынша кастодианның функциялары, халықаралық стандарттарға сәйкес келтірілді;
- ♦ қор биржасының тізімін ресми тізім және «Листингтік емес бағалы қағаздар» секторына бөлу арқылы оның тізімінің құрылымы нақтыланған;
- ♦ Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған базалық активі мемлекеттік емес бағалы қағаздар болып табылатын туынды бағалы қағаздарды «Листингтік емес бағалы қағаздар» секторына енгізу мүмкіндігі енгізілді;
- ♦ бағалы қағаздардың «Листингтік емес бағалы қағаздар» секторына енгізу тәртібі және талаптары, сондай-ақ бағалы қағаздардың осы секторда болуы және одан алып тастау талаптары ықшамдалған;
- ♦ халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарын және мемлекеттік бағалы қағаздарды ықшамдалған рәсім бойынша қор биржасының ресми тізіміне қор биржасының ресми тізіміне енгізу мүмкіндігі енгізілген;
- ♦ белсенді нарық болуы жөніндегі талаптардың ауыстырылуы арқылы банктер, банктердің еншілес ұйымдары немесе банк холдингі сатып алатын акцияларға қатысты талаптар қор биржасы индексінің өкілдік тізімінде болуына орай ықшамдалған.

2015 жылы бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушының 1 лицензиясы – номиналды ұстаушы ретінде клиенттер шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру құқығына берілді. Сондай-ақ ұйым атауының өзгеруіне байланысты бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыруға бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушыларының 2 лицензиясы қайта ресімделді. 2015 жылы «Жетісу» зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым» АҚ, «GRANTUM Asset Management» зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым» АҚ, «БТА Банк» АҚ және «Темірбанк» АҚ-тың бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру құқығына жүзеге берілген лицензияны ерікті қайтаруына байланысты олардың қолданысы тоқтатылды.

Сонымен қатар Ұлттық Банкке «GRANTUM AssetManagement» зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым» АҚ, «ZIM Capital» АҚ және «Жетісу» зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым» АҚ берген тиісті өтініштердің негізінде инвестициялық портфельді басқару бойынша қызметті жүзеге асыруға берілген лицензия ерікті түрде қайтарылды, сондай-ақ «БТА Банк» АҚ-тың кастодиандық қызметті жүзеге асыруына берілген лицензия ерікті түрде қайтарылды. Бұдан басқа, 2015 жыл-

ғы 10 мамырдан бастап «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру және исламдық қаржыландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының күшіне енуіне байланысты «Қазақстан Ұлттық Банкі Ұлттық инвестициялық корпорациясы» АҚ-қа инвестициялық портфельді басқаруға берілген лицензиясының қолданысы тоқтатылды.

Бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушыларға қатысты қашықтықтан қадағалау нәтижелері бойынша 66 шектеулі ықпал ету шарасы қолданылды. Бұдан басқа, бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушыларға және жеке тұлғаға қатысты жалпы сомасы 25,1 млн теңгеге 117 әкімшілік айыппұл салынды. Эмитенттерге қатысты 393 шектеулі ықпал ету шарасы қолданылды (оның ішінде 78 жазбаша ұйғарым шығарылды және 315 міндеттеме-хат талап етілді), 352 эмитентке қатысты 1 418 әкімшілік айыппұл салынған, 127 млн теңгеге әкімшілік айыппұл салу туралы қаулылар шығарылды. Анықталған бұзушылықтардың ең үлкен саны және нәтижесі ретінде бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына қатысты қолданылған ықпал ету шаралары бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының өз қызметі туралы ақпаратты ашу тәртібін бұзумен, сондай-ақ туынды қаржы құралдарымен мәмілелер туралы орталық депозитарийге ақпарат беру тәртібін бұзумен байланысты болды. Анықталған бұзушылықтардың ең көбі соның салдары ретінде эмитенттерге қатысты қолданылған ықпал ету шаралары акционерлер мен инвесторлардың алдында қаржылық есептілік депозитарийі және қор биржасының интернет-ресурстарында эмиссиялық бағалы қағаздар эмитенттерінің өз қызметі туралы ақпаратты ашуымен және өз қызметі туралы ақпаратты ашу тәртібімен байланысты болды. 2015 жылы бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің қызметіне 11 тексеру (инвестициялық портфельді басқару бойынша қызметті бірлестіретін 8 брокер-дилер, 2 брокер-дилер, 1 бағалы қағаздар эмитенті), сондай-ақ эмиссиялық бағалы қағаздар эмитентінің қызметінің мәселелері бойынша 1 жоспардан тыс тексеру. Тәуекел дәрежесін бағалау негізіндегі тексерудің негізгі мәні бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті және қатысушыларының эмиссиялық бағалы қағаздар эмитенттерінің қызметін жүзеге асыру тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау болып табылады. 2015 жылы жүргізілген тексерулердің нәтижесі бойынша бағалы қағаздар нарығы субъектілеріне қатысты 23 шектеулі ықпал ету шарасы қолданылды (12 міндеттеме хат талап етілді, 11 жазбаша ұғарым шығарылды), әкімшілік құқықбұзушылық туралы 322 хаттама жасалды. 2015 жылы бағалы қағаздар нарығы субъектілеріне салынған әкімшілік айыппұлдардың жалпы мөлшері 75,6 млн теңге, оның ішінде сотқа қарау үшін берілген әкімшілік істер бойынша 45,3 млн теңге болды.

Халықтың қор нарығындағы инвестициялық белсенділігінің төмен болуының негізгі себебі – жинақтауларды жүзеге асырудың қаржы мүмкіндігінің болмауы емес, қор нарығының құралдарына сенбеушілік болып табылады. Дивиденттерді төлеу өте маңызды сипатта болып табылады, оны осы уақытта ішкі нарықта басым көпшілік эминет төлемейді. Осындай эмитенттер ретінде негізінен, ішкі нарыққа бағытталған эмитенттер болуы мүмкін, олардың өнімдерін әлеуетті инвесторлар ірі компания – экспортерлері жылына бір рет жариялайтын қаржы нәтижелеріне қарағанда, анағұрлым жиі көреді. Осындай әлеуетті эмитенттер арасында, мысалға, тағам өндірушілері, әртүрлі қызметтерді, соның ішінде, ғаламтор және байланысқа кіруді ұсынатын компаниялар. Алайда, қазақстандық қор нарығын осы үлгі негізінде «қайта іске қосу» үшін KASE-тегі белгілі бір сандық көрсеткіштерінде жасалған листинг жүйесін түбегейлі өзгерту қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Корчагин Ю.А. Рынок ценных бумаг. – 2 изд., доп. и перераб. – Ростов н/Д: Феникс, 2008. – С. 326 – 361.
- 2 Берзон Н.И., Буянова Е.А., Кожевников М.А., Чаленко А.В. Фондовый рынок: учеб. пособие для высших учебных заведений экономического профиля. – М.: Вита-Пресс, 1998. – 400 с.
- 3 Рынок ценных бумаг / Ивасенко А.Г. и др. – 4 изд. – М.: КНОРУС, 2010. – 495 с.
- 4 Буренин А.Н. Рынок ценных бумаг и производных финансовых инструментов: учеб. пособие. – М.: 1 Федеративная книготорговая компания, 1998. – 352 с.
- 5 Закон РК «О рынке ценных бумаг»: принят 2 июля 2003 г.
- 6 <http://www.nationalbank.kz>.

Аннотация

Цель исследования – систематизировать деятельность всех участников фондового рынка, а также взаимосвязанные с ней операции, производимые специализированными организациями. Исследованием определена недостаточность государственных ресурсов для регулирования рынка ценных бумаг на уровне фондового рынка. Фондовый рынок в современной рыночной экономике направлен на привлечение сбережений и накоплений домохозяйств и трансформацию в инвестиции. Инструменты фондового рынка с различной доходностью, рассчитанные на различные слои населения, расширяют возможности выбора будущим инвесторам вкладывать сбережения. Альтернативой внешнему заимствованию является внутреннее заимствование финансовых ресурсов. Одним из источников внутреннего заимствования финансовых ресурсов являются сбережения населения. Для того, чтобы стать фактором экономического роста, сбережения должны трансформироваться в инвестиции. Трансформация сбережений в инвестиции осуществляется инструментами фондового рынка. Привлечение сбережений и накоплений населения на фондовый рынок несет не только инвестиционную, но и социальную направленность. Члены домохозяйств, вкладывая свои сбережения и накопления в инструменты фондового рынка, приобретают источник дополнительного дохода, права собственности (при владении акциями), то есть статус собственника (акционера). Тем самым с точки зрения общественного развития фондовый рынок расширяет социальную базу общества, формирует средний класс.

Ключевые слова: биржа, фондовый рынок, ценная бумага, акция, капитализация, ликвидность, инвестиции.

Abstract

The purpose of the research is to systematize the activities of all participants in the stock market, as well as the operations associated with it, produced by specialized organizations. The study identified a lack of public resources for the regulation of the securities market at the stock market level. The stock market in a modern market economy is aimed at attracting household savings and transforming into investments. Tools of the stock market with different profitability, designed for different segments of the population, expand the choice of future investors. An alternative to external borrowing is the internal borrowing of financial resources. One of the sources of domestic borrowing of financial resources is the savings of the population. In order to become a factor of economic growth, savings should be transformed into investments. The transformation of savings into investment is carried out by the instruments of the stock market. The attraction of savings to the stock market is not only investment, but also has social characteristics. Members of households, investing their savings in the instruments of the stock market, acquire a source of additional income, ownership rights (in the possession of shares), that is, the status of the owner (shareholder). Thus, from the point of view of social development, the stock market expands the social base of society, forms the middle class.

Key words: exchange house, stock exchange, security, share, capitalization, liquidity, investments.